

ӘОЖ 821.512.122.09

С. Дәрібайұлы,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
доценті, ф. ф. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail:samal.daribaev@mail.ru

Ақын-жыраулар поэзиясындағы періштелер қиссасы

Мақалада ақын-жыраулар поэзиясындағы ислам негіздері періштелер қиссасы арқылы баяндалған. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы ақын-жыраулардың шығармаларының негізгі арнасы – дін тарихы. Сөз зергерлері рухани құндылықтарды Құран аяттары мен пайғамбар хадистері арқылы жыр арқауына айналдырды. Ақын-жыраулар күнәдан пәк жаратылыс иелерін жырға қосу арқылы имандылық, адамгершілік мәселелерін басты нысан ретінде қарастырады. Адам үшін кемелдіктің бастауы – күнәдан арылу, иманын кәміл ету. Жарық дүниені, өз тағдырын Раббымыз берген сынақ деп түсінген пенде өз Иесіне жақындай түсері анық. Бұл ретте адамзатқа үлгі болар жаратылыс – періштелер әлемі. Періштелердің әр ісі ғибратты. Адамның періштеден жоғары мәртебеге ұласуы өзіндегі құмарлық пен ашуын ақылға жеңдіруіне байланысты. Дәстүрлі жыр мектептерінің өкілдері дін тақырыбындағы шығармаларында Жебірейіл, Әзірейіл, Мәңкүр, Нәңкүр, Исрайыл, Мекайыл т.б. періштелердің қызметі туралы баян етеді.

Түйін сөздер: періштелер, имандылық, жыр, жаратылыс, рухани құндылық, дін, ислам негіздері.

S. Daribaiuly

Images of angels in poetry of akyns and zhyrau

The article says how through the images of angels Kazakh akyns and zhyrau reveal the main content of Islam. The history of religion is the main theme of works of akyns zhyrau of nineteenth and early twentieth centuries. Masters of artistic expression have based their poetry spiritual values in the form of verses of the Qur'an and the Hadith of the Prophet. Singing with the angels of the Islamic tradition, akyns- zhyrau raise questions of morality and humanity as the main goal of their works. Beginning of the formation of the harmonic moral personality they see a move away from sin and respecting the principles of imam. The Earth's soul, doomed to the test in this bright world should realize that by doing so it closer to the Creator. In this sense, the model for the future of mankind is the world of angels. But everyone has an angel and its functions. The highest valor of an earthly man is the ability of the mind to overcome anger and temptations of the world. The article says that as the best representatives of the traditional schools of poetry describe the role of angels, as Michael, Israil, Nankur, Mancur, Azrael, Gabriel, etc.

Key words: angels, humanity, song, nature, spiritual values, religion, bases of islam.

С. Дарибайұлы

Образы ангелов в поэзии акынов и жырау

В статье говорится о том, как через образы ангелов казахские акыны и жырау раскрывают основное содержание ислама. История религии является основной темой произведений акынов и жырау XIX- начала XX веков. Мастера художественного слова положили в основу своих поэтических произведений духовные ценности в виде сур Корана и хадисов пророка.

Воспевая ангелов исламской традиции, акыны и жырау поднимают вопросы нравственности и человечности как главную цель своих произведений. Начало становления гармоничной нравственной личности они видят в отходе от греха и соблюдении принципов имана. Земная душа, обреченная на испытания в этом светлом мире, должна осознать, что тем самым она приближена к Создателю. В этом смысле образцом для будущего человечества является мир ангелов. Но у каждого ангела имеются и свои функции. Высшей доблестью земного человека становится способность разума

преодолеть злобу и соблазны мира. В статье говорится о том, как лучшие представители традиционных поэтических школ описывают роль таких ангелов, как Микаэль, Исраил, Нанкур, Манкур, Азраил, Джабраил и т.д.

Ключевые слова: ангелы, гуманность, песнь, природа, духовная ценность, религия, основы ислама.

Ақын-жыраулардың өлең-толғауларында Жаратқан Аллаға мүлтіксіз қызмет ететін періштелер жөнінде де мол мағлұматтар берілген. Періштелер ғайып әлемінен болғандықтан адамзат баласының оларды көріп, түйсіне алмайтындығы хақ. Олар туралы Құранның көптеген аяттары мен пайғамбарымыз Мұхаммедтің (ғ.с) хадистерінде айтылады.

Адамзат баласынан ерте жаратылған ерекше жаратылыстың негізі – нұр. «Періштелер – пәк жаратылыстар, оларда күнә атаулы, тәкаппарлық, реніш тәрізді пенделік қылықтар болмайды. Бар міндеттері – Алланың әмірлерін мүлтіксіз орындау. Олар әуел баста қандай мақсатпен ғана жаратылған болса, тек соны ғана атқарады. Яғни, олар, басқа жаратылыстар тәрізді Аллаға құлшылық етіп, Оның әмірін орындайды және ешқандай астамшылық әрекеттерге бармайды» [1, 19]. «Ғибадат – олардың қорегі. Олар Алланың бұйрықтарын бүге-шігесіне дейін бұлжытпай, айна-қатесіз орындайды. Олар ешқашан күнәнің кішісін де, үлкенін де жасамайды» [2, 181].

Адам үшін кемелдіктің бастауы – күнәдан арылу, иманын кәміл ету. Жарық дүниені, өз тағдырын Раббымыз берген сынақ деп түсінген пенде пәнидің жалған қызығынан алыстап, керісінше өз Иесіне жақындай түсері анық. Бұл ретте адамзатқа үлгі болар жаратылыс – періштелер әлемі. Сондықтан да болар адамзат баласының пендешілікпен талай күнәлі істерге барып, күпірлік жасайтынын сезген періштелер қауымының алғашында бұл жаратылысты құп көрмегені де қасиетті Кітапта: «(Мұхаммед ғ.с) сол уақытта Раббың періштелерге: «Әрине, Мен жерде бір орынбасар жаратамын!», – деген еді. (Періштелер): « Онда бұзақылық істеп, қан төгетін біреу жаратасың ба? Негізінен біз Сені дәріптеп, мақтау мен пәктаудамыз» деді. Алла: «Мен сендердің білмегендеріңді жақсы білемін!», – деді» (Бақара сүресі, 30 аят) деп жазылған.

Періштелерге адамзат баласын ұлықтау бұйырылғанын Базар жырау төмендегіше тәпсір етеді:

Атамыз Адам пайғамбар
Он сегіз мың әлемнің –

Абзалы болып жаралған.
Ұлықтығы мұншама –
Құдайым әмір еткен соң,
Періште күллі қамалған

[3, 200].

Толғаудың осы жолдарына нақты дәлел бола алатын аяттарды Құраннан жиі кездестіреміз. Адам рухын үрлеп жан бітірген Алла оған біртұтас атауларды үйретіп, оларды періштелерден сұрады. Сонда періштелер Адамның шын мәніндегі ұлық жаратылыс екенін түсінді. «Періштелер: «Сен пәксің! Біздің, Сенің үйреткеніңнен басқа білеріміз жоқ. Әрине, Сен толық білуші, өте данасың» деді. (Бақара сүресі, 32 аят)

Періштелер осылайша Адам Атаға сәжде қылып, Алла ісіне мойынсұнды. Әрине, періштелердің адамзат баласымен бір кеңістікте өмір сүруі мүмкін емес. Себебі, оның жаратылыс негізі бөлек екенін жоғарыда айттық. Яғни, «оларда тән қуаттары жоқ. Аспан денелерінің (планета) ойлау қуаты жоқ. Олардың жанының кемелдігі табиғи, әрі жоғары-төмен дәрежелері барлық болмыстарды қамти алмайды. Ал адам болса рет-ретімен, жансыз (жамар), жанды (нама) және жануар мәртебелерінен өтіп адамдық санаға (мәртебеге) жетіп, тәндік әрі рухани қуаттары тепе-тең дәрежеде жаратылған. Осындай ерекшеліктері арқылы нәпсіні тазарту әдісімен Алладан басқасын қабылдамау (наф'и масиуа Аллах) мәртебесіне жетіп, «абсолютті бірлік» (уахдат-и сирф), «мушахада» (көру) мәртебесіне жетіп, Аллаға ең (муқарраб) жақын періштелердің қатарына қосыла алады. Міне, сол себепті адамзаттың ең ұлысы періштелердің ең ұлысынан да жоғары тұрады. Адамның періштеден жоғары мәртебеге ұласуы өзіндегі құмарлық пен ашуын ақылға жеңдіруіне байланысты. Керісінше жағдайда, ақыл құмарлық пен ашудан жеңілсе, адам хайуаннан да төмен дәрежеге түседі. Бұл адамның өз еркіндегі іс. Періштелер болса, кемелдікке жету үшін мұндай ерік-жігер, қалаудан мақрұм» [4, 133]. Пенделік түсінікпен періштелерді Алланың көмекшілері деп ойлау Оған серік қосу болып табылады. Құранда аты аталатын періштелер Жаратушы Иенің о баста өздеріне жүктеген міндеттерін ғана орындайды.

Қасиетті Құранда Жебірейіл (ғ.с.) періште-нің Алланың уахилерін пайғамбарларға жеткізуші ретіндегі қызметі көптеген аяттарда баяндалған. Жебірейіл (ғ.с.) періштенің Алла пен пайғамбарлардың арасындағы елшілік қызметі ақын-жыраулардың толғауларында әр қырынан суреттеледі. Мысалы, пайғамбарымыз Мұхаммед (ғ.с.)ның Алла алдына осы Жебірейіл (ғ.с.) періштемен барып қайтуын Қарасақал Ерімбет:

Ақ Расулы таң алдында пырақ мініп,
Құдайға Жебірейілмен барып қайтқан

[5, 72],– деп өрнектейді.

Ислам дінінің хақтығын өз толғаулары арқылы кеңінен насихаттаған Қашаған Күржіманұлы періштелер туралы басқа ақын-жыраулар айтпаған жайларға назар аударады. Мысалы, дүйім жұрттың алдында Аллаға сыйынып сөз бастаған ақын «Тойбастар» атты толғауында Жебірейіл періштенің пайғамбарымыздың некесін қиғандығын:

Расулы пайғамбар
Хадишаны алғанда
Ақ некесін қисын деп,
Жебірейілге Алла бұйырған,
Әне, сол себептен неке қиылған

[6, 49],– деп жырға қосады.

Алла Тағала он сегіз мың ғаламды жаратып болған соң Адам сұлбасын жасайтын топырақ әкелу үшін жерге періштелерін жұмсайды. Алайда топырақ алуға жерге жіберілген періштелердің барлығы да аяушылық сезімін жеңе алмай бос оралғанда, Жаратушы Раббының бұл бұйрығын орындауға тек Әзірейіл (ғ.с.) періштенің ғана батылы жетті. Сондықтан Алла Тағала адамзат баласының жанын алуды да осы Әзірейіл (ғ.с.) періштеге міндеттеген болатын. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі Орынбай ақын Алланың бұйрығымен адам жанын алудың оған ғана аманат етілгендігін:

...Төртінші Әзірейілге келді жарлық,
Мінезінде кеңдік жоқ шылғи тарлық.
Жердің зары мен сөзіне құлақ салмай,
Әзірейіл салды аямай күшін барлық.

Құдайдың құдіретімен алған барып
Не нәрсе бітейтұғын онан қалып.
Бітуіне сен себеп болып келдің деп,
Жанын сен ал деп бұйырған жаббар халық

[7, 137], – деп өлең жолдарымен кестелейді..

Жан тапсыру – пенде басына түскен қияметтің бір белгісі. Әзірейіл (ғ.с.) жанын алған пенденің ендігі тағдыры Қиямет күні ғана таразыға түседі. Ажал періштесінің міндетін Нұрым жырау да өз толғауына өзек етеді:

Әзірейіл хабар салған күн
Ылажың бар ма қалуға?
Періштеміз белгілі
Бізді тергеп жазуға,
Ертелі-кеш Аллаға
Әзірленіп отырмыз
Уақыт бітсе баруға»

[8, 125].

Сөз зергерінің жырға қосып, «лахатқа келеді» деп отырғаны – жоғарыда айтылған Мәңкүр-Нәңкүр періштелер. Жырау пәни дүниенің жалған екеніне тағы бір көз жүгірте отырып, барзаһ дүниесінің есігін ашқандағы халіміздің амал-әрекетімізге байланысты болатынына үңіледі:

Жасаған – Ие, Жаббарым,
Жайшылықта жүргізгей.
Мәңкүр-Нәңкүр келгенде,
«Ал, жауап бер» дегенде –
Ақ жауабын бергізгей

[8, 125].

Жыраудың «ақ жауапты бергізгей» деп тілеп отырғаны – адам баласының жоғарыда аты аталған Мәңкүр-Нәңкүр періштелерге берілетін жауабы.

Тұрмағамбет ахун пенденің тірліктегі істеріне жауап берген шағындағы халдің өте ауыр болатынын суреттейді. Шайыр:

Аждаһа көзді, сойдақ тіс,
Албасты шашты, салпы ерін,
Бойлары биік қаһаннан,
Шартарапқа шалқиды,
Жайнаған жалын жап-жасыл,
Ауыздары әйдік апаннан.
Жаңбырлы бұлттай күркірер,-
Деп айтады кітапта
Шығарса дауыс мақамнан

[9, 94] – деп тәні топыраққа түскен пендеден жауап алынар сәтті баяндайды.

Ақын өлеңі адамның Алла сүйген амал ниеттері, нәпсісін тізгіндеуі жоғарыда баян етілген жан түршігерлік алғашқы сынақтағы ауыр азаптан сақтайтынын аңғартады. Қараңғы қабірде жауап алатын Мәңкүр-Нәңкүр періштелер Тұрмағамбет ақын шығармасында жүрегі нұрлы, иманды пендеге досындай боларына күмән білдірмейді:

Қабірің іші нұрланар,
Тірінде айтқан санаңнан.
Пейіштен есік ашылып,
Жаһанның жамғы қайғысы,
Жойылар кеуіл қанаңнан.
Құдайым – бір, дінім – хақ,
Пайғамбарым Мұстафа, –
Деп қатар жам боларсың,
Құтылып жауап, намаңнан.
Мәңкүр – Нәңкүр досыңдай,
Қызымет қылып қасында,
Асыла кетпейді панаңнан

[9, 124].

Ақын-жыраулар поэзиясына өзек болған өмір мен өлім философиясы жоғарыда аталған періштелердің қызметтерін баяндаумен сабақтастықта баяндалады. Негізгі мақсат өлімнен үрейлендіру ғана емес, өмірде тәубаға келу. Пәни дүние адам баласының сынақ алаңы болса, барзаһ – сол сынақтағы амалдардың есебі басталар мезгілі.

Ақын-жыраулар поэзиясында ерекше аты аталатын періштелер – Мәлікүл және Мауыт. Бұл періштелердің қызметі – тозақ қақпасын күзету. Олардың міндеттері Құранның Зұхрұф сүресінің 77 аятында: «Тозақтағылар: «Әй, сақшы! Раббың ісімізді бітірсін» дейді. Сақшы «Расында сендер тұрасыңдар» дейді» деп баяндалған.

Ізбас Есімұлының мәңгілік ешнәрсе жоқ екендігін еске сала айтқан толғауында жоғарыда аттары аталған екі періштенің қызметтері айқын аңғарылады:

Шабусыз көйлек киерсің,
Ағаш та атқа мінерсің-
Мәлікүл-Мауыт тербетің.
Ойлағанменен жеткізбес
Бұл дүниедегі кем-кетік

[8, 329].

Сыр шайыры Омар Шораяқұлы да пендені сұраққа алушы және тозақты күзетуші періштелер туралы айта отырып, шарият жолын берік ұстанған Есенжолдай ұстазының соңынан ергеніне өкінбейтінін білдіреді:

Мәлікүл-Мауыт періште
Пенденің келсе онынан,
Гүрзі алып келсе қолына
Мәңкүр-Нәңкүр солынан;
Армансыз болып өтер ем,
Есенжолдай шайырдың
Үлгі алып ерсем соңынан!

[10, 63]

Исрайыл (ғ.с.) мен Мекайыл (ғ.с.) періштелердің қызметі туралы ақын-жыраулардың толғауларында деректер көп емес. Қашаған жыраудың жоғарыда айтылған «Тойбастар» атты толғауында Адам Ата мен Хауа ананың жұбайлық өмірінің басталуына себепкер болғандығы:

Той – адамның қазынасы
Жұптасып неке қиылған.
Ақ бұйрығы деген бар
Құлақ қойсаңдар келіске,
Нанып болмайды теріске.
Адам Ата жұптанып,
Хауа ананы алғанда
Исрайыл, Мекайыл
Некесін қиған екен екі періште

[6, 49], – деген жолдармен баяндалады. Ақынның толғауына өзек болған Исрайыл, Мекайыл періштелер жөнінде Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарымыздың хадисінде былай деп баяндалған: «Аллаһ! Жебірейілдің, Мекайылдың, Исрайылдың Раббы! Көктер мен жерді жартушы! Барша ғайып пен айқынды білуші! Пенделеріңнің таласқан нәрселеріне Сен ғана тура үкім бере аласың! Жұрттың таласқан нәрселеріне мені Өзің мейіріңмен сақтап, тура жолға сақла гөр! Шынында, Сен ғана қалаған пенденді тура жолға саласың!». Исрайыл періште қиямет күні сүр үрлейді. Жоғарыдағы толғауда аты аталған екінші періште Мекайыл туралы Бақара сүресінің 97-98 аяттарында: (Мұхаммед ғ.с. оларға) айт: «Кім Жебірейілге (ғ.с.) дұшпан болса, (Алланың дұшпаны). Өйткені ол Алланың бұйрығы бойынша бұрынғыларды растаушы, Құранды сенушілер үшін туралық әрі қуандырушы түрде жүрегіңе қондырды. Кім Аллаға, періштелеріне, елшілеріне, сондай-ақ Жебірейіл, Мекайылге (ғ.с.) дұшпан болса, әлбетте Алла (Т.) кәпірлерге дұшпан» делінген.

Періштелердің жаратылыс негізі басқа болғандықтан олардың адамзат баласына көрінбеуі заңдылық. Дегенмен періштелердің иманы толысқан, жүрегі таза Алланың сүйген құлдарына көрінетіні туралы да айтылады. Періштелер Алла Тағала сүйген құлдарды ғана сүйеді. Оның ең абзал мысалы – Мұхаммед (ғ.с.) пайғамбарымызға Алланың уәһийін жеткізген Жебірейіл періште екені жоғарыдағы мысалдарда баяндалды. Аллаға шын берілген құлдарға нәсіп етілген осы бір кереметті ақын-жыраулар да өз шығармаларына арқау еткен. Ақындар періштелерді көру кез келген пенденің маңдайына жазыла бермейтінін айта отырып, оған ақиқат сатысына көтерілген кемел адамның ғана мүмкіндігі бар екендігін ескертеді.

Әдебиеттер

- 1 Сейтұлы Қ. Періштелерге иман. – Алматы: Көкжиек, 2010. – 88 б.
- 2 Жолдыбайұлы Қ. Ақиқат шуағы. – Алматы: Алтын қалам, 2007. – 232 б.
- 3 Базар жырау. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.
- 4 Қазақ халқының философиялық мұрасы. 4 том. – Астана: Аударма, 2005. – 534 б.
- 5 Қарасақал Е. Ұлағат сөзім ұрпаққа. – Астана: Фолиант, 2009. – 408 б.
- 6 Қашаған. Топан. – Алматы: Жалын, 1991. – 139 б.
- 7 Ахатұлы Н. Орынбай ақынның әдеби мұрасы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының баспа кабинеті, 2001. – 137 б.
- 8 Көне күннің жыр күмбезі. – Алматы: Жазушы, 2007. – 496 б.
- 9 Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. – Алматы: Дешті Қыпшақ.- 2007. – 588 б.
- 10 Шораяқов О. Сөйле, тілім, жошылып. – Алматы: Рауан, 1995. – 301 б.

References

- 1 Seytuli' Q. Perishtelerge i''man. – Almati': Ko'kji''ek, 2010. – 88 b.
- 2 Joldi'bayuli' Q. Aqi''qat shwaghi'. – Almati': Alti'n qalam, 2007. – 232 b.
- 3 Bazar ji'raw. Shi'gharmalari'. – Almati': Jazwshi', 1986. – 200 b.
- 4 Qazaq halqi'ni'ng fi''losofi''yali'q murasi'. 4 tom. – Astana: Awdarma, 2005. – 534 b.
- 5 Qarasaqal E. Ulaghat so'zim urpaqqa. – Astana: Foli''ant, 2009. – 408 b.
- 6 Qashaghan. Topan. – Almati': Jali'n, 1991. – 139 b.
- 7 Ahatuli' N. Ori'nbay aqi'nni'ng a'debi'' murasi'. – Almati': I'.Alti'nsari''n ati'ndaghi' Qazaqti'ng bilim akademi''yasi'ni'ng baspa kabi''neti, 2001. – 137 b.
- 8 Ko'ne ku'ning ji'r ku'mbezi. – Almati': Jazwshi', 2007. – 496 b.
- 9 Iztilewuli' T. Shi'gharmalari'. – Almati': Deshti Qi'pshaq.- 2007. – 588 b.
- 10 Shorayaqov O. So'yle, tilim, joshi'li'p. – Almati': Rawan, 1995. – 301 b.